

## Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 532 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 желтоқсанда № 31505 болып тіркелді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.08.2024 № 204 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 73) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министри

А. Аймагамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрі

## Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.08.2024 № 204 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 73) тармақшасына сәйкес әзірленді және мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тәртібін айқындайды (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс).

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) – белгіленген тәртіппен расталған, түрақты жағдайдағы, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік әрекеті шектелген, дене және (немесе) психикалық бұзылыстары бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар);

2) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау – қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілетін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған қызметтер мен іс-шаралар кешені.

3. Мемлекеттік тапсырысты орналастыру құжаттарды қарau жөніндегі Комиссиямен (бұдан әрі – Комиссия) қалыптастырылатын ұғымдар Тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізілген мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау жөнінде қызметтер көрсететін ұғымдарда (бұдан әрі – Ұйым), "Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік білім беру тапсырысының көрсетілетін қызметтерінің шарттарын жасасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қантардағы № 12 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 26502 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 12 бұйрық) сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік

тапсырысты орналастыру шарттарын жасасумен жұмыс органы - облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларымен (бұдан әрі – білім беруді басқару органдары) жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік тапсырысты орналастыру "Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 385 бұйрық) бекітілген арнайы білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидаларындағы 1-қосымшаға сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бар мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін жүзеге асырылады.

## **2-тaraу. Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тәртібі**

5. Мемлекеттік тапсырысты орналастыруды білім беруді басқару органдары жүзеге асырады.

6. Білім беруді басқару органдарымен мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін мүмкіндігі шектеулі балаларды ұлттық білім беру дерекқорында (бұдан әрі – ҰББД) есепке алу қамтамасыз етіледі.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (бұдан әрі – ПМПК) бұзылыстар санаты бөлінісінде мүмкіндігі шектеулі балалардың санын көрсете отырып, қалыптастырылған өтінімдерді (тізімдерді) конкурс өткізу үйымдастыру үшін білім беруді басқару органына береді.

7. Білім беруді басқару органдары өздерінің ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тапсырысқа арналған конкурсты өткізу күнін, уақытын, орнын және мерзімдерін көрсете отырып, конкурстық рәсімді өткізу туралы және мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін өтініштерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыру орналастырады.

Конкурстық рәсімді өткізу үшін комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының бұйрығымен бекітіледі. Комиссия тақ саннан тұратын, комиссия төрағасын қоса алғанда кемінде 7 (жеті) адам болатын комиссия мүшелерінен құралады. Комиссияның құрамы жергілікті өкілді және атқарушы органдарының, білім беруді басқару органдарының, арнайы білім беру немесе мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс саласында қызметін жүзеге асыратын үкіметтік емес үйымдардың және өнірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдерінен қалыптастырылады.

Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерімен жергілікті атқарушы органдар мен білім беруді басқару органдары өкілдерінің қатарынан сайланады. Комиссия төрағасы мен

мүшелері дауыс беруге ауыстырусыз қатысады. Егер отырысқа Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды деп есептеледі. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссия шешімдері тиісті хаттамамен рәсімделеді, оған Комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Конкурстық рәсімдерді өткізу мерзімдері білім беруді басқару органдарының ресми интернет-ресурстарында конкурс өткізу туралы хабарландыру мәтіні орналастырылған күннен бастап 25 (жырма бес) жұмыс күнін құрайды.

8. Конкурсқа қатысуға мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету саласында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі бар Ұйымдар және:

1) осы Қағидалардың қосымшасындағы нысан бойынша өтінішке (бұдан әрі - өтініш) сәйкес № 385 бұйрықпен бекітілген әлеуметтік-педагогикалық сыныптамаға сәйкес дамуындағы бұзылыстар санаттары (есту, көру қабілеті, тірек-қимыл аппараты, зердесі, сөйлеу тілі бұзылған, психикалық дамуы тежелген, қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-әрекеттің бұзылысы немесе қыындықтары бар (аутистік спектрдің бұзылуы), күрделі (біріктірілген) бұзылыстары) бойынша орындар санын;

2) "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "Санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) сәйкес жағдайларды;

3) "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) (бұдан әрі – Өрт қауіпсіздігі қағидалары) сәйкес жағдайларды;

4) төтенше жағдайлар туындаған кезде хабарлауды (дабыл түймешесінің, автоматты хабарлау жүйесінің, оның ішінде ішкі дыбыстық хабарлау жүйесінің болуы);

5) "Террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысына сәйкес терроризмге қарсы қорғалуды (бейнебақылау жүйесінің болуы);

6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26618 болып тіркелген) сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін арнайы жағдайларды, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолжетімді ортаны және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды № 385

бұйрықпен бекітілген Арнайы білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 4-тaraуына сәйкес үйымдастыруды;

7) "Мектепке дейінгі, орта білім беру үйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру үйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жабдықталуды;

8) Санитариялық қағидаларға сәйкес медициналық қызмет көрсетуді және алғашқы медициналық көмек көрсетуді;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Педагоглауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық немесе тиісті бейін бойынша өзге кәсіптік білімі бар педагогикалық құраммен және "Мемлекеттік білім беру үйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33166 болып тіркелген) сәйкес (бұдан әрі – Үлгі штаттар) штат санымен;

10) № 12 бұйрыққа сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталында тіркелуді қамтамасыз еткендер жіберіледі.

9. Мемлекеттік тапсырысты орналастыруға үміткер үйымдар электрондық форматта немесе қағаз түрінде келесі құжаттарды ұсынады:

1) өтініш;

2) Ұйым басшысының қолымен күәландырылған бейнебақылау камераларын, дабыл түймесін және дауыстық хабарландыруды орналастыру схемасы;

3) Санитариялық қағидаларға сәйкес медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға аумақтық бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету үйымымен жасалған шарт;

4) штаттық кестенің және педагогикалық немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы құжаттарының көшірмелері;

5) жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауырпалықтарды) мемлекеттік тіркеу жүргізілгені туралы белгісі бар құқық белгілейтін құжат немесе мерзімі мемлекеттік білім беру тапсырысын игеру уақыты аяқталғанға дейін жарамды жалдау, өтеусіз пайдалану, сенімгерлік басқару шарты бар жалдау, өтеусіз пайдалану, сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжат.

10. Білім беруді басқару органдары мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелер арқылы ([www.egov.kz](http://www.egov.kz), "электрондық үкіметтің" веб-порталы, [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz)) мынадай құжаттардың бар болуын және жарамдылығын тексеруді жүзеге асырады:

- 1) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтамалар және/немесе қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар;
- 2) медициналық көмек (медициналық қызмет) көрсетуге арналған шарт болмаған жағдайда медициналық қызметке лицензия;
- 3) ұйымның санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды;
- 4) конкурсқа құжаттарды тапсырғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін есеп бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы мәліметтер.

11. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мәтіні орналастырылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде білім беруді басқару органдары Ұйымдар ұсынған, оның ішінде мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелерден алынған құжаттарды қабылдауды, тіркеуді және қарауды жүзеге асырады және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес оларды ресми интернет-ресурстарында орналастырады.

Ұйым ұсынған құжаттардың топтамасы толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен жағдайда білім беруді басқару органы қабылдаған күні жетіспейтін құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жолдайды.

Білім беруді басқару органдары ұсынылған құжаттарды қарастырғаннан кейін келесі 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Ұйымға бару арқылы ұсынылған құжаттардағы ақпараттың дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады.

12. Ұйымға барғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Ұйым осы Қағидалардың 8, 9, 10-тармақтарында қарастырылған талаптарға сәйкес келген жағдайда құжаттарды Комиссияда қарау жүзеге асырылады, Ұйымның осы Қағидалардың 8, 9, 10-тармақтарына сәйкес келмейтін өтінішті және (немесе) оған қоса берілген құжаттарды ұсыну фактісі анықталғанда білім беруді басқару органы Ұйымның өтініште көрсетілген электрондық поштасына не электрондық пошта болмаған кезде өтініште көрсетілген пошта мекенжайына сәйкесіздіктерді жою қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Ұйым хабарламаны алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде анықталған сәйкесіздіктерді жояды және Ұйым басшысының қолы қойылған растайтын құжаттарды электрондық форматта немесе қағаз түрінде ұсынады.

Білім беруді басқару органы анықталған сәйкесіздіктерді жою туралы құжаттарды алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде сәйкесіздіктердің жойылуын тексеру үшін Ұйымға қайталап барады.

13. Білім беруді басқару органы Ұйымға қайталап барғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Құжаттарды Комиссияда қарауды жүзеге асырады.

14. Ұйымның осы Қағидалардың 8, 9, 10-тармақтарына сәйкес келмейтін өтінішті және (немесе) оған қоса берілген құжаттарды ұсыну фактісі қайта анықталған жағдайда

, білім беруді басқару органы Ұйымның өтініште көрсетілген пошталық мекенжайына немесе электрондық поштасына мемлекеттік тапсырысты орналастырудан бас тарту жөнінде негізделген және дәлелді жауап жолдайды.

Дәлелді бас тартуға Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен қарастырылған тәртіпте шағым беруге болады.

15. Бұрын мемлекеттік тапсырыс орналастырылған ұйымдар келесі күнтізбелік жылға арналған мемлекеттік тапсырысты осы Қағиданың 9-тармағында көрсетілген өзектендірілген құжаттарды ұсынған, сондай-ақ балалардың 30%-дан астамында даму динамикасының болуын растайтын құжаттар болған жағдайда алады.

16. Ұсынылған құжаттарды Комиссияда қарау және Ұйымға бару нәтижелері бойынша Ұйым атауын, өтініш берген кездегі бос орындардың санын көрсете отырып сәйкестігі немесе Ұйымның осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес еместігі туралы хаттама жасалады.

Ұйымның сәйкестігі туралы хаттама негізінде Тізбе қалыптастырылады. Тізбе және бас тартудың дәлелді себептері көрсетіле отырып талаптарға сәйкес келмейтін ұйымдар тізімі 1 (бір) жұмыс күні ішінде білім беруді басқару органдарының ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Комиссия шешіміне Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен қарастырылған тәртіпте шағым беруге болады.

Тізбеке кірген Ұйым нәтиже жарияланған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзылыстар санаттарын ескеріп, мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың түзету-дамыту бағдарламаларын көрсете отырып, ҰББД ақпараттық жүйесінде тіркелуді қамтамасыз етеді.

17. Мемлекеттік тапсырысты орналастырудан бас тарту Ұйымдардың келесі конкурстық рәсімге қайта қатысуына кедергі болмайды.

18. Мемлекеттік тапсырысты орналастыруды білім беруді басқару органдары осы Қағидаларда көзделген тәртіппен Ұйымдармен № 12 бүйрыққа сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік тапсырысты орналастыру шарттарын жасай отырып 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыру шарты Ұйымдармен тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемдері шегінде бір қаржы жылына жасалады.

19. Мемлекеттік тапсырысты орналастыру шарты жасалғаннан кейін Ұйым бос орындар туралы мәліметтерді 2 (екі) жұмыс күні ішінде білім беруді басқару органына жолдайды, білім беруді басқару органы 1 (бір) жұмыс күні ішінде ақпаратты интернет-ресурсында орналастырады.

20. Ата-аналар немесе балалардың өзге де занды өкілдері бос орындар туралы мәліметтер негізінде ПМПК қорытындысымен Ұйымға жүгініп, білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасады.

Ата-ана немесе балалардың өзге де занды өкілдері шарт жасалғаннан кейін арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды алушан бас тартқанда, мемлекеттік тапсырысты орналастыру ата-ана немесе балалардың өзге де занды өкілдері мен Ұйым арасында жаңа шарт жасалғанға дейін тоқтатыла тұрады. Ағымдағы жылы баланы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау алуға кезекке қайталап қоюға отбасы басқа ауданға, қалаға, облысқа көшкен немесе бала ұзак уақыт науқастанған жағдайда жол беріледі. Даму динамикасын ескере отырып бала бір қаржы жылышын қөлемінде арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды бір Ұйымда алады.

Бос орын пайды болған жағдайда Ұйым 2 (екі) жұмыс құні ішінде бұзушылық санатын көрсете отырып бос орындар туралы мәлеметтерді интернет-ресурста хабарландыру орналастыру және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау алуды қажет ететін балалардың ата-аналары немесе занды өкілдеріне хабарлау үшін білім беруді басқару органына жолдайды.

21. Откізілмеген жеке сабактарды (науқастану, емделу, медициналық, санаторий-курорттық ұйымдарда сауықтырылу мен оқалтылуы, ата-анасының бірінің немесе өзге де занды өкілдерінің демалыста болуы себептері бойынша) өткізу үшін ата-аналардың немесе өзге де занды өкілдердің өтініші негізінде жеке кесте бойынша не қашықтықтан қосымша сабактар ұйымдастырылады.

22. Белгіленген бюджет шегінде мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру үшін Ұйым әр ай сайын өткізілген сабактарға табельді (электрондық), орындалған жұмыстар актісін, соның ішінде ата-ана немесе занды өкіл қол қойған, электрондық шот фактурасын ұсынады.

23. Ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру есепке алынған мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүзеге асырылады:

1) Ұйымдағы сабакта нақты келетін;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін психологиялық-педагогикалық қолдау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" бүйрекімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20744 болып тіркелген) бекітілген "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оқалту және әлеуметтік бейімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидасының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша анықтамасы және ПМПК қорытындысы бар;

3) Ұйымда аптасына екі сабакта болмаған.

24. Мемлекеттік тапсырыс мөлшерін есептеу кезінде жалпы көрсеткіштер пайдаланылады:

1) "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31

желтоқсандағы № 1193 Қаулысымен белгіленген базалық лауазымдық айлықақы (бұдан әрі – БЛА);

2) тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК).

Мемлекеттік тапсырыс көлемін есептеу мыналарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) V – айна мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру көлемі, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$V = \sum N_{\text{жалпы персонал}}$$

N жалпы персонал – пәнаралық командалық және жеке бағалау қорытындылары бойынша бір балаға жеке көзделген айна мемлекеттік тапсырысты қаржыландырудың жиынтық нормативі, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$N_{\text{жалпы персонал}} = \sum (N_{\text{қызмет}} * n_z),$$

мұнда:

$n_z$  - пәнаралық командалық және жеке бағалау нәтижелерінің қорытындылары бойынша № 385 бүйрықтың 4-тарауына сәйкес бір балаға көзделген сағат саны;

1-топ – сөйлеу қабілеті, тірек-қимыл аппараты бұзылған (өз бетінше қозғалатын, зердесі сақталған), мінез-құлықтың бұзылыстары немесе қындықтары бар, психикалық дамуы тежелген, нашар көретін, нашар еститін мүмкіндіктері шектеулі балалар;

көмек көлемі – ең аз:

бір маманның (логопед немесе психолог немесе дефектолог) көмегі;

көмектің ұзақтығы жылына 90 күннен бастап;

2-топ – тірек-қимыл аппараты бұзылған (көмекші құралдардың көмегімен қозғалатын, сөйлеу қабілеті бұзылған, бірақ зердесі сақталған), есту және көру қабілеті бұзылған (көзі көрмейтін, естімейтін), сөйлеу тілінің ауыр түрдегі бұзылыстары бар, жеңіл және орташа зерде зақымдалуы бар, қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-әрекеттің бұзылысы немесе қындықтары бар (аутизм) мүмкіндіктері шектеулі балалар;

көмек көлемі – орташа:

екі маманның (логопед және психолог немесе дефектолог және логопед немесе логопед және емдік дene шынықтыру (бұдан әрі – ЕДШ) нұсқаушысының/ бейімделген дene шынықтыру (бұдан әрі - БДШ) мұғалімінің көмегі;

көмектің ұзақтығы жылына 180 күннен бастап;

3-топ – күрделі (аралас) бұзылыстары бар, 2 немесе одан да көп бұзылыстары бар: көру және есту қабілетінің бұзылуы, тірек-қимыл аппараты мен зердесінің бұзылуы, зердесі мен есту қабілетінің бұзылуы, қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-әрекеттің бұзылысы немесе қындықтары бар (аутизм) және зердесінің бұзылуы және басқалары бар мүмкіндіктері шектеулі балалар;

көмек көлемі – жоғары:

үш маманның көмегі (логопед, психолог және ЕДШ нұсқаушысының/БДШ мұғалімінің немесе дефектолог, логопед және психологтің);

көмектің ұзақтығы жылына 180 күннен 270 күнге дейін.

2)  $N_{\text{қызмет } z} = T_z + S + A$ ,  
мұнда:

$S$  – оқу шығыстарын қоса алғанда, сағатына бір балаға білім беру ұйымын ағымдағы күтіп-ұстауға арналған шығыстар нормасы - 0,03 АЕК құрайды;

$A$  – педагогтермен: психолог, логопед, дефектолог, тифлопедагог, олигофренопедагог, сурдопедагог қызмет көрсеткен кезде бір балаға арналған жабдықты амортизациялауға/сатып алуға арналған шығыстар нормасы - 0,032 АЕК;

ЕДШ нұсқаушысы/ БДШ мұғалімі қызмет көрсеткен кезде - 0,052 АЕК;

$Z$  – педагог қызметін көрсететін индекс: психолог, логопед, дефектолог, тифлопедагог, олигофренопедагог, сурдопедагог, ЕДШ нұсқаушысы/БДШ мұғалімі;

$T$  – сағатына бір балаға есептегендегі психологиялық-педагогикалық қолдау ұйымы персоналдының еңбегіне ақы төлеудің айлық қоры мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T_z = T_{\text{нег } z} + T_{\text{жәрд } z},$$

мұнда:

$$T_{\text{нег } z} = ((W_z + W_{\text{ә/p } z}) * sno + БЛА * (K_{Ez} + K_{E \text{әбп}} + K_{E \text{окп}} + R) * mp * mv_z,$$

$$T_{\text{жәрд } z} = (W_z + \mathcal{E}_{\text{жәрд } z}) * mv_z / 12,$$

мұнда:

$T_{\text{нег } z}$  – өтемақы төлемдерін есепке алмағанда, персоналдың еңбегіне ақы төлеудің айлық қоры;

$T_{\text{жәрд } z}$  – қызметкерлердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына сауықтыруға жәрдемақы төлеуге арналған шығыстардың ай сайынғы көлемі;

$W_z$  – қызметкерлердің жалақысы мына формула бойынша есептеледі:

$$W_z = (ЛА_z * k_p + БЛА * f) * k_s + БЛА * c + Қосым_z,$$

мұнда:

$ЛА_z$  – айына бір педагогикалық мөлшерлеменің лауазымдық айлықақысы, ол БЛА-ны лауазымдық айлықақыны есептеу коэффициентіне көбейту жолымен айқындалады:

педагог-психолог - 4,25;

мұғалім-логопед - 4,57;

мұғалім-дефектолог - 4,68;  
 тифлопедагог - 4,66;  
 ЕДШ нұсқаушысы/БДШ мұғалімі – 4,19;  
 олигофренопедагог - 4,81;  
 сурдопедагог-мұғалім - 4,55;

$k_p$  - педагогтің лауазымдық айлықақының белгіленген мөлшеріне түзету коэффициенті:

2022 жылға – 1,75;

2023 және одан кейінгі жылдарға – 2;

$f$  - басқарушы персоналдың жалақы қорын есептеу коэффициенті:

2022 жылға – 1,183;

2023 жылға және одан кейінгі жылдарға – 1,352;

$K_S$ -мамандарға ауылдық жердегі жұмысы үшін қосымша ақы төлеу коэффициенті, 1,25 құрайды;

қала мектептері үшін – 1,0;

$c$  - оқу-көмекші және қызмет көрсетуші персоналдың жалақы қорын есептеу коэффициенті:

2022 жылға – 0,540;

2023 жылға - 0,636;

2024 жылға – 0,751;

2025 және одан кейінгі жылдарға – 0,878;

Қосымz – персоналдың жалақысына қосымша ақының коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

Қосым  $z = \text{БЛА} * (\text{ЕЖY}_z + \text{ЕЖY}_{\text{әбп}} + \text{ЕЖY}_{\text{окп}}, \text{қкп}} + u_z)$ ,

мұнда:

$\text{ЕЖY}_z$  – педагогтердің ерекше еңбек жағдайлары үшін үстемеақы коэффициенті:

Жыл	Психолог ЕЖY	Логопед ЕЖY	Дефектолог ЕЖY	Тифлопедаг ог ЕЖY	ЛФК ЕЖY	Олигофено педагог ЕЖY	Сурдопедаг ог ЕЖY
2022 жыл	0,744	0,800	0,819	0,816	0,733	0,842	0,796
2023 жыл	0,850	0,914	0,936	0,932	0,838	0,962	0,910
2024 жыл	0,850	0,914	0,936	0,932	0,838	0,962	0,910
2025 жыл	0,850	0,914	0,936	0,932	0,838	0,962	0,910

$\text{ЕЖY}_{\text{әбп}}$  – әкімшілік-басқару персоналдың ерекше еңбек жағдайлары үшін үстемеақы коэффициенті:

2022 жылға – 0,810;

2023 жылға және одан кейінгі жылдарға – 0,926;

$EZY_{окп' қкп}$  - оқу-көмекші және қызмет көрсетуші персоналдың ерекше еңбек жағдайлары үшін үстемеақы коэффициенті

2022 жылға – 0,459;

2023 жылға - 0,541;

2024 жылға – 0,638;

2025 жылға және одан кейінгі жылдарға – 0,746;

$u_z$  – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істегені үшін қосымша ақы төлеу коэффициенті:

педагог-психолог – 1,70;

мұғалім-логопед – 1,83;

мұғалім-дефектолог – 1,87;

тифлопедагог – 1,86;

ЕДШ нұсқаушысы/БДШ мұғалімі – 1,68;

олигофренопедагог – 1,92;

мұғалім – сурдопедагог – 1,82;

$W_{\text{э/р } z}$  – экология және радиация аймақтарында қосымша демалыс кезінде алмастыруши қызметкердің жалақы коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$W_{\text{э/р } z} = W_z / 30 / 12 / * 9,$$

мұнда:

30 – күнтізбелік күндер саны;

12 – жылдағы айлар саны;

9 – "Арал өніріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардал шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" (бұдан әрі - экологиялық апат салдарынан зардал шеккендерді қорғау туралы Зан) және "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" (бұдан әрі - ядролық полигонда зардал шеккендерді қорғау туралы Зан) Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес демалысқа қосымша күндердің орташа саны;

$S_{\text{но}}$  – әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар коэффициенті – 1,0836;

2025 және одан кейінгі жылдарға – 1,0968;

$K_{Ez}$  – педагогтер үшін экологиялық апат салдарынан зардал шеккендерді қорғау туралы Занға сәйкес экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін қосымша төлем коэффициенті:

Жыл	К Е психолог	КЕ логопед	К Е дефектолог	К Е тифлопедаг ог	КЕ ЕДШ	К Е олигофreno педагог	К Е сурдопедаго г
2022 жыл	2,454	2,639	2,703	2,691	2,420	2,778	2,628
2023 жыл	2,805	3,016	3,089	3,076	2,765	3,175	3,003
2024 жыл	2,805	3,016	3,089	3,076	2,765	3,175	3,003

2025 жыл	2,805	3,016	3,089	3,076	2,765	3,175	3,003
----------	-------	-------	-------	-------	-------	-------	-------

КЕ<sub>әбп</sub> - әкімшілік-басқару персоналы үшін экологиялық апат салдарынан зардап шеккендерді қорғау туралы Заңға сәйкес экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін қосымша ақы коэффициенті:

2022 жылға – 2,674;

2023 жылға және одан кейінгі жылдарға – 3,056;

КЕ<sub>окп, қкп</sub> - оқу-көмекші персонал және қызмет көрсетуші персонал үшін экологиялық апат салдарынан зардап шеккендерді қорғау туралы Заңға сәйкес экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін қосымша төлем коэффициенті:

2022 жылға – 1,514;

2023 жылға – 1,785;

2024 жылға – 2,105;

2025 жылға және одан кейінгі жылдарға – 2,462.

Егер осы қосымша ақы экологиялық апат салдарынан зардап шеккендерді қорғау туралы Занда көзделмеген жағдайда, КЕ<sub>окп, қкп</sub> 0-ге тең болады;

R – ядролық полигонда зардап шеккендерді қорғау туралы Заңға сәйкес радиациялық қатер аймағында тұрғаны үшін қосымша ақы – 1,5 АЕК.

Егер осы қосымша ақы ядролық полигонда зардап шеккендерді қорғау туралы Занда көзделмеген жағдайда R 0-ге тең;

mp – міндепті зейнетақы жарналарының және жұмыс берушінің міндепті медициналық сақтандыру қорына аударымдарының коэффициенті:

2022 жылға – 1,03;

2023 жылға – 1,03;

2024 жылға – 1,045;

2025 жылға – 1,055;

2026 жылға – 1,065;

2027 жылға – 1,075;

2028 жылға – 1,08;

mvz – оқушы-сағат коэффициенті:

жеке сабактар үшін – 0,021;

кіші топта орташа саны 3 бала болатын кіші топ сабактары үшін - 0,007;

орташа саны 7 бала болатын топтық сабактар үшін - 0,003;

Э<sub>жәрд z</sub> – экологиялық апат салдарынан зардап шеккендерді қорғау туралы Заңға сәйкес жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына қатысты қолданыстағы төлемдерден тыс сауықтыруға материалдық көмек мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\mathcal{E}_{\text{жәрд } z} = \text{ЛА}_z * k_p + \text{БЛА} * (f + c)$$

егер осы қосымша ақы экологиялық апат салдарынан зардап шеккендерді қорғау туралы Занда көзделмеген жағдайда,  $\mathcal{E}_{\text{жәрд}} = 0$ .

25. Ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру Ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған сабактан қалу себептері көрсетіле отырып (катысу табеліне электрондық түрде бекітілетін сабактан қалу себебін растайтын құжаттардың болуы) қатысудың электрондық табелі, орындалған жұмыстардың электрондық актісі, соның ішінде ата-ана немесе занды өкіл қол қойған электрондық шот-фактура ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады.

26. Орналасқан жері өзгергенде (басқа ғимаратқа/үй-жайға көшіру) Ұйым орналасқан жері өзгергенге дейін бір ай бұрын білім беруді басқару органына хабарлайды.

Ұйымның басшысы қол қойған, басқа ғимаратқа/үй-жайға көшіру мерзімдері көрсетілген хабарлама білім беруді басқару органының электрондық поштасына электрондық форматта жіберіледі.

Орналасқан жерінің өзгергені туралы хабарлаған Ұйым хабарлама тіркелген кезден бастап бір ай мемлекеттік тапсырыс бойынша қаржыландырылады.

Білім беруді басқару органын хабардар еткен сәттен бастап бір ай өткен соң Ұйым мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш;

2) басшының қолымен куәландырылған бейнебақылау камераларын, дабыл кнопкасын және дауыстық хабарландыруды орналастыру схемасы.

Ұйым көрсетілген құжаттарды білім беруді басқару органының электрондық поштасына электрондық форматта жібереді немесе қағаз түрінде ұсынады.

Аталған құжаттарды тіркеғеннен кейін білім беруді басқару органы мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелер ("электрондық үкіметтің" веб-порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz)) арқылы мынадай құжаттардың бар-жоғын және жарамдылығын тексеруді жүзеге асырады:

1) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтамалар және/немесе Ұйымдар қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама;

2) Ұйымның санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды;

3) Ұйымның медициналық қызметіне лицензия (медициналық көмек (медициналық қызмет көрсету) көрсетуге шарт болмағанда).

27. Мемлекеттік тапсырыстың көлемі мен мөлшері жергілікті атқарушы органдардың шешімімен айқындалады:

1) шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің, элеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтениште жағдайлардың нәтижесінде балалар Ұйымға бармайтын кезеңде;

2) қабылданған, бірақ кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау, қалпына келтіруді (құжаттамалық растау болған кезде) жүргізу себебі бойынша жылына 2 (екі) айдан аспайтын уақыт үйымға бармайтын балалар үшін

28. Мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған Үйымдарда тоқсан сайын білім беруді басқару органдары осы Қағидаларда көзделген талаптардың сақталуына және міндеттемелердің орындалуына, сондай-ақ арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды ұсыну сапасына, оның ішінде жүргілген түзеу жұмыстары нәтижесінде баланың даму динамикасына жоспарлы мониторинг жүргізеді.

Жоспарлы мониторингті білім беруді басқару органы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларды, жергілікті атқарушы органдарды, аккредиттелген (салалық) қауымдастықтардың өкілдерін және өз қызметін арнайы білім беру немесе мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс саласында жүзеге асыратын мамандарды тарта отырып жүзеге асырады.

Білім беруді басқару органы үйымға жоспарлы мониторинг жүргізудің мерзімдері көрсетілген хабарламаны бір ай бұрын жібереді.

Жоспарлы мониторинг нәтижелері бойынша білім беруді басқару органымен 3 (үш) жұмыс күні ішінде акт жасалады, актінің бір данасы танысу үшін Үйым басшысына табысталады.

Осы Қағидалардың талаптарын сақтамау және міндеттемелерін орындау фактілері анықталғанда, Үйымдар актіні алғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде анықталған бұзушылықтарды жояды және білім беруді басқару органына Үйым басшысының қолы қойылған растау құжаттарын ұсынады.

Үйым анықталған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймағанда, білім беруді басқару органы 2 (екі) жұмыс күні ішінде мониторинг нәтижелерін Комиссияда қарауды жүзеге асырады, комиссия шешімі негізінде 1 (бір) жұмыс күні ішінде Үйымға мемлекеттік тапсырысты орналастыруды тоқтату туралы хабарлайды.

Үйымдардың қызметіндегі бұзушылықтар және осы Қағидалардың талаптарының бұзылуы бойынша жеке және (немесе) занды тұлғалардың өтініштері негізінде білім беруді басқару органы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген мерзімдерде жоспардан тыс мониторинг жүргізеді.

29. Жоспардан тыс/жоспарлы мониторинг және ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша білім беруді басқару органы Үйымның осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы хаттама жасайды және 3 (үш) жұмыс күні ішінде білім беруді басқару органдарының ресми интернет-ресурстарына орналастырады.

30. Үйымда мемлекеттік тапсырысты орналастыру осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмегендеге келесі конкурстық рәсімге дейін тоқтатылады.

31. Ұйым мен мемлекеттік тапсырысты орналастыру шарты Қағидалардың осы тармағының талаптары бойынша хабарлама тәртібі бұзылған кезде, орналасу орнының өзгеруі анықталған күннен бастап 3 (үш) күн ішінде біржакты тәртіппен бұзылады.

Мүмкіндігі шектеулі  
балаларды арнайы  
психологиялық-педагогикалық  
колдауға мемлекеттік білім  
беру тапсырысын орналастыру  
қағидаларына  
қосымша  
Нысан\*

---

(мемлекеттік орган атавы)

(басшының тегі, аты, әкесінің  
аты (бар болғанда))

## Әтініш

Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін

---

(Ұйымның атавы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

конкурсқа қатысуға рұқсат беруінізді сұраймын.

1. Осымен келесіні хабарлаймын:

1) Ұйымның жаңа орындарының саны (бұзылулар санаттары бойынша): \_\_\_\_\_

2) өтініш берген күнгі жағдай бойынша мүмкіндігі шектеулі балалардың нақты контингенті: \_\_\_ бала, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша \_\_\_ бала;

3) бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысы \_\_\_\_\_  
—.

(орналастырылған/орналастырылмаған)

2. Осы арқылы Ұйым:

1) санитариялық-эпидемиологиялық, оның ішінде Ұйымға мүмкіндіктері шектеулі балаларды Ұйымның нақты жобалық қуаты шегінде қабылдау бойынша талаптарды сақтауға;

2) № 385 бұйрықпен бекітілген арнайы білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларында көзделген ұйымдар қызметінің талаптарын сақтауға;

3) ай сайын Ұлттық білім беру дерекқорына өзінің:

-мүмкіндігі шектеулі балалар, оның ішінде білім басқармасы қалыптастырған контингентке кіретіндер туралы;

- педагогтер, оның ішінде олардың саны, білім деңгейі, біліктілігі, еңбек өтілі туралы ақпаратын толтыруға;

4) білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

5) осы Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырудың қағидаларында көрсетілген талаптарды сақтауға кепілдік береді.

3. Осы арқылы Ұйым мынадай міндеттемелердің орындалуына кепілдік береді:

1) балаларды мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тек қана облыстардың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармаларының жолдамалары және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қорытындысы бойынша қабылдау;

2) "Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26618 болып тіркелген), "Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдан отыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелген) бұйрықтарына сәйкес мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау.

Қосымша: конкурсқа қатысу үшін құжаттар \_\_\_\_\_ бетте.

Басшы \_\_\_\_\_

(Ұйымның атавы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))

Толтырылған күні "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл.

\*Ескерту: мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын мемлекеттік емес ұйымның бланкісінде толтырылады.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.